

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07. 2007.
- 2.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген.
- 3.Қазақстан Республикасында жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.
- 4.Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

Мадисаева Ш.К.

Магистрант, «Сырдария» университеті

Жетекші: Молдабекова Н.С.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР

ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ОҚУДЫҢ РӨЛІ

Резюме: Роль обучения в психическом развитии человека

Summary: The role of training in the mental development of man

Әлемдік тәжірибе ХХІ ғасырда білім беру жүйесін қарқынды дамытудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Білім беру қоғам дамуының тұжырымдамасын анықтайды. Сонымен қатар білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын айқындау—қоғам талабы. Оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуін, олардың қабілеті мен қызығушылығын, танымдық және өмірлік қажеттіліктеріне, бейімділіктеріне сәйкес қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі таңдағы өзгерістер қоғамның шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондай басым бағыттардың бірі – дамыта оқыту.

Білімді де білікті, саиқалы да парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттік маңызды іс. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және оны жан-жақты жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәнімен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты білім берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты - барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты қалыптастыру.

Мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелері білім мен тәрбие беру тұжырымдамасында негізгі орын алады. Сонда: «Жеке тұлғаның қалыптасуы - үздіксіз күрделі процесс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескеріп, балалар мен жастардың білімге, ғылымға ықыласын арттыру, олардың ақыл- ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу», - деп атап көрсетіп, мектеп алдындағы міндеттердің бірі етіп қояды.

Жеке тұлғаны дамыту мәселелері Л.С.Выготскийдің, М.Б.Блонскийдің, С.Л.Рубинштейннің, Л.В.Занковтың, Д.В.Элькониннің еңбектерінің негізгі арқауы. Қазіргі кезде Д.Н. Богоявленскийдің, П.Я. Гальпериннің, В.В.Давыдовтың, Л.В.Занковтың, Е.Н.Кабанова-Меллердің, С.Л.Рубинштейннің, Н.Ф.Талызинаның т.б. жеке тұлғаға бағытталған және дамыта оқытудың психологиялық теориялары жасалып, оқу үрдісіне енгізілген. Білім берудің жеке тұлғаға бағытталған технологиясына Л.И. Аниферованың,

Е.В.Бондаревскаяның, В.С. Ильиннің, М.В. Клариннің, Т.Н. Мальков скаяның, В.В. Сериковтың, И.С. Якиманскаяның, Д.В. Дорофеевтің зерттеулері арналған.

Білім берудің мәні баланың өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып белсенді іс-әрекет жасауына, оқуға деген ынтасы мен өз қабілетін еркін көрсете білуіне, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына, жасы және жеке бас ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғызуды қажет етіп отыр. Білім берудегі бұл мәселелер қазіргі таңда қоғамдағы ең өзекті тақырыпқа айналып отыр. Бастауыш мектеп үрдісінде жеке тұлғаны дамыта оқытуды өзектілендірудің басты себебі:

- Оқу барысында дәстүрлі оқытуда мұғалім оқушыны бастауыш пәндері бойынша қайшылыққа әкеліп, оны шешудің жолдарын та-буды жеке тұлға ретінде ұсына алмады;

- Оқу барысында жеке тұлға ретінде оқушы қайшылықты практикалық іс-әрекетте көрсете білмеді немесе шеше алмады;

- Оқу барысында мұғалім оқушыға жеке тұлға ретінде бір сұрақты жан-жақты қамтитын бірнеше жауаптар ұсына алмауы, құбылысты әр түрлі позициядан қарастыру технологиясы жүзеге аспады;

- Оқу барысында мұғалім оқушыға жеке тұлға ретінде ұқсастықтар мен қайшылықтарды өз беттерімен салыстыруға, қорытуға, түйіндеуге жағдай туғызбады;

- Жеке тұлға ретінде оқушы өз бетімен нақты сұрақтар қоюды, мәселелерді шешуді өз бетімен жүзеге асыру технологиясы жүзеге аспады.

Яғни оқыту технологиясы оқушы тұлғасын басты орынға қоя оқыту педагогикалық үрдіс субъектілерінің өзара қарым-қатынастарының мазмұнына негізделмеді.

Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады.«Даму» ұғымы сөздікте «...мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы,» - деп түсіндіріледі.

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы - жаңарту процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылыми жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С. Выготский. Ол дамуды оқытумен тең, керісінше оқу мен даму екі бөлек процесс деген көзқарастарды қатты сынға алды.

«Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы», - деген Л.С. Выготский

Ол ең алғаш рет бала дамуының төмендегідей екі аймағы болатындығы жайлы теория ұсынды.

- 1.Бала дамуының жақын аймағы – баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

- 2.Бала дамуының қол жеткен аймағы – баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгеру арқылы жүзеге асады. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен өзара қызметтесе отырып, оны игерген кезде дамуға өріс ашылады.

И.Я.Лернер «даму» деген ұғымды педагогикалық заңдылықтарға негіздей отырып, адамның әртүрлі қиындықтардағы мәселелерді шеше білуге дайындығы деп түсіндіреді. Мұндай анықтама интеллектуалдық іс-әрекетті жоғары орынға шығарады. Мәселе қаншалықты күрделі болса, оны шешуге жұмсалатын ақыл-ой қызметі де соншалықты кең, аумақты, демек даму деңгейі де жоғары болады.

Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді. Олар:

- байқампаздық,
- өз ойын еркін жеткізе білу,
- практикалық іс-әрекеттер атқара білу.

В.В.Давыдов ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысын есептейді.

Тұтас алғанда барлық авторлардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге келіп саяды және оның басты шарты ретінде әрекет алынады.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

«Дамыта оқыту» деген термин психология ғылымының қойнауында туып, баланың дамуын қарастырған (Ж.Пиаже), ойлаудың әртүрлі деңгейін, типтерін (Л.В.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн) және басқа да психиканың функциясын зерттеген (Б.Г.Ананьев, Г.С.Костюк, А.А.Люблинская, Н.А.Менчинская) және т.б. іс-әрекет теориясының психологиясын жасаған (А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин) еңбектерінде жан-жақты талданды. Нәтижеде дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, ал екіншісін Л.В.Занков басқарады.

Кейінгі жылдары дамыта оқыту психология мен педагогика ғылымдарының келелі мәселесіне айналды. Жүйенің авторлары «дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Жүйенің басты мақсаттарының бірі:

- баланы оқыта отырып жалпы дамыту;
- оның еркіндігін қалыптастыру;
- өз бетінше ізденуге;
- шешім қабылдауға дағдыландыру;

– жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Аталған талаптардың бәріне жауап бере алатын технология ретінде дамыта оқыту технологиясын таңдадым. Жалпы «дамыту», «даму» терминдеріне баланың белгілі мөлшерден шығып, саналы іс – әрекет сатыға ауысуы деп анықтама беріледі. Дамыта оқыту технологиясын көрнекті ғалымдар Л.С.Выготский, М.Я. Лернер, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин толық зерттеп, дәлелдеген.

В.В. Давыдов «Дамыта оқыту дегеніміз – ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысы» – дейді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге

дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға деген ынтасы артып, білім алуда әрекет жасайды.

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті: оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс – әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тәжірибесінде дұрыс қолдану:

- 1) Оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту.
- 2) Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру.
- 3) Оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.
- 4) Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.
- 5) Оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту.
- 6) Жалпы оқушының жан дүниесін дамыту.

Қорыта келгенде, дамыта оқыту оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы бар технология. Ал оқу технологиясы бірқатар маңызды да ұнамды тараптарымен еленген. Олар – үнемділігі, күрделі материалды түсінуді жеңілдетуі, білім-тәрбие процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етуі, білім ұсынудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануға икемді келуі. Сонымен бірге дәстүрлі технология біршама кемшіліктерге де жол береді – оқу процесін дараландыру мен жіктеуге қолайсыз, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіншілігі кем.

Сонымен жеке тұлғаның қалыптасуы үздіксіз күрделі процесс болғандықтан, әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның жеке қасиеттерін оқу барысында дамыту керек. Жеке тұлғаға бағытталған сабақ оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ашатын, қасиеттері қалыптасатын, мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту жағдаяты. Әр оқушының болмысы арқылы дамытушылық, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. – Москва.,1986
3. Эльконин Д.Б. Психология обучения школьника. – Москва., 1984, 6 стр.
4. Эльконин Д.Б. Как учить детей читать. М: Педагогика, 1976.- 125 стр.
5. Эльконин Д.Б. Комплект пособий для обучения шестилеток чтению и письму. М.: Педагогика, 1993.- 151 стр.